

Хаттама №2

05.12.2023 ж. күні «Шетпе гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Қамқоршылық кеңес мүшелерінің отырыс болып өтті.

Қатысуға тиісті: 9

Қатысқаны: 6

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директорының бюджеттік қаржының жұмсалуды туралы есебі;
2. Мектептегі ыстық тамақтың берілуі туралы. Асхананың жай – күйі;
3. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысу, демеушілерді тартуға көмек;
4. Тасымалдың жай – күйі.

Тыңдалды:

1-мәселе

Сөйледі:

Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша мектеп директоры Г. Нурмагамбетова сөз алып, жиналысқа қатысушыларға 2022-2023 оқу жылындағы бюджеттік қаржының жұмсалуды туралы есебімен таныстырып өтті. Сондай-ақ ағымдағы оқу жылының, мақсат-міндеттеріне тоқталды. Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсынылып, ол мәселе де талқыланды.

Сұрақ жок.

2-мәселе

Сөйледі:

Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша Әлеуметтік педагог С. Жайлауқызы мектептегі ыстық тамақтың берілуі, асхананың жай-күйі туралы айтып өтті. Ас мәзірі Білім бөлімінен бекітіліп келген екі апталық ас мәзірімен беріліп отыр. Ай сайын табель жасақтау, оқушыларды түгендеу Әлеуметтік педагогке міндеттелген. Қазіргі таңда, 1-4 сынып 93 оқушы, аз қамтылған 5 оқушы, барлығы 98 оқушы тамақ ішіп отыр. Бір мәселе Асханадағы фильтр жасамауы.

Сұрақ:

Ақжігітова Гүлстан: Неге аз қамтылған оқушылар аз?

Жауап: Әлеуметтік көмек алған 14 оқушы, оның 9 оқушысы ыстық тамаққа өтініш берді. 4 оқушы 1-4 сынып арасынан, 5 оқушы 5-11 сынып арасынан. Қалған 1 оқушы көшіп кетті, 4 оқушы өз еркімен тамақ ішпейтіндеріне өтініш қалдырды.

Білал Нұрлан: Суды құдықтан тарту керек, сонда фильтр бұзылмайды. Оқушылар кулермен қамтамасыз етіле берсін.

3-мәселе

Сөйледі:

Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысу, демеушілерді тартуға көмек туралы әлеуметтік педагог С. Жайлауқызы сөзін жаластырды. Аз қамтылған оқушылардан 3 оқушы ауданға, 1 оқушы облысқа жаңа жылдық кешке қатысуға сұраныс жазылды. Қалған оқушылар, үйден оқытылатын оқушы тізімі ұсынылды.

Макашова Алтынай : 1-4 сынып оқушыларына, үздіктерге демеушілік жасау керек сияқты.

4-мәселе


Сөйледі:

Тасымалға жауапты Өлеуметтік педагог С.Жайлауқызы тасымалдың жай-күйі туралы айтып өтті. Мектебімізде 16 орындық газель автокөлігімен 140 оқушы қамтамасыз етіліп отыр. Оқушы сыйымдылығы сәйкес келмейтіні белгілі. Шетпе селосы әкіміне, Аудандық білім бөліміне бұл мәселе бойынша хат жолданды.

Гуларша Нурмағамбетова: Автокөлікке 500 мың тг жарияланды. Бірақ ешкім түспеді. Кері ақшаны алып кетті.

Шешімі:

1. Жиналысқа қатысушылар тарапынан 2022-2023 оқу жылындағы бюджеттік қаржының жұмсалуды қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мектептегі ыстық тамақтың берілуі, асхананың жай-күйі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Жаңа жылдық мерекені ұйымдастыруға және оны өткізуге қатысу, демеушілерді тарту жұмысын жандандыру Өлеуметтік педагог С.Жайлауқызына тапсырылсын;
4. Тасымалдың жай-күйі қанағаттанарлық деп танылсын.

Жиналыс төрайымы  А.Макашова

Хатшысы:  С.Жайлауқызы